

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасының
«Жаппай Көкпар федерациясы»

ҚН ЗТБ Президенті

Дирманов Г.Е.

10 ақпан 2023 жыл

«ЖАППАЙ КӨКПАР» СПОРТЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

(Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге
құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу
туралы куәлік №31073 «13» желтоқсан 2022 жыл)



Қазақстан Республикасы- 2023

(Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге
мәліметтерді енгізу туралы куәлік №31073 «13» желтоқсан 2022 жыл)

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Қазақстан Республикасында өткізілетін барлық жаппай көкпар ойындары Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ бекіткен осы Ережеге сәйкес өткізіледі. «Көкпар» спорты - қазақтың ұлттық ат спортының бір түрі. Көкпар спорты ел арасында салауатты өмір салтын дәріптеу құралы ретінде кең насихаттау әрі жандандыру, өмірлік маңызы бар дала ойындарын жетілдіру мақсатында өткізіледі.
1. Жаппай көкпар- жаппай шабу спорт түрі болып табылады.
 2. Жаппай көкпар өткізу ережесі мынадай тараулардан тұрады:
 - өту орны мен тәртібі;
 - мақсаты мен міндеті;
 - жарысты басқару;
 - жаппай көкпар өткізуші тұлғаның міндеттері;
 - атбегілерге қойылатын талаптар;
 - шабандоздарға қойылатын талаптар;
 - бас төрешінің міндеттері;
 - алаңдағы төрешілердің міндеттері;
 - коментаторлардың міндеттері;
 - салымды бағалау тәртібі, оны анықтау;
 - наразылықтарды қарау тәртібі және тәртіп бұзушылық жағдайларға байланысты шешім шығару;
 - медициналық көмек, қоғамдық тәртіп және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - 1.4. Жаппай көкпар өткізуші тұлғаның көкпар беру тәртібі осы Ереженің талаптарына қайшы келмеуі тиіс.

Аталған Ереже жылына 1 рет Қазақстан Республикасы «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ -ның мүшелерінің жалпы жиналасында қайта қаралып, өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отырады.

2. ӨТУ ОРНЫ МЕН ТӘРТІБІ

1. Жаппай көкпар арнайы жабдықталған, тегіс жерде өткізіледі. Көкпар алаңының параметрлері: «**Қума**» көкпар ойналған жағдайда мінбеден - мәреге дейінгі ара қашықтық 300-330 метр.

«Екі жар»яғни екіге бөлініп ойналған жағдайда мінбеден-мәреге дейінгі арақашықтық 250-300 метр. Екі жақтағы мәренің арасы 350-400 метр.

«Мәре» шеңберінің диаметрі 20 метр болуы тиіс. Көкпар ойынының алаңдарында орта белден сызық болуы керек.

2. Серкенің салмағы: 30-60 келі. *(одан аспауы тиіс)*

3. Серке көрермен мінбесінің алдындағы ернеу сызықтан 15 метр қашықтықтағы арнайы белгіленген «мәреден» басталады.
4. Шабандоз тыйым салынған тәсілдерді қолданған жағдайда «сары» карта немесе «қызыл» карта беріліп, өрескел тәртіп бұзған жағдайда:
 - осы ойынның соңына дейін немесе 5 күннен 1 жылға дейін ойыннан шеттетілуі мүмкін;
 - тәртіп бұзу іс-әрекетіне қарай Қазақстан Республикасы «Жаппай Көкпар федерациясы Тәртіптік комиссия мүшелерінің кеңесімен шешіледі.
5. Серкені басып келе жатқан шабандоз серкені мәреге жеткізбей түсіріп алса, салым есептелмейді, ойын әрі қарай жалғасын табады.
6.
 - 1) Шабандоз жарты мәре асып, атымен бірге құласа, салым есеп, серкені мінберге алдыртып басынан шаптырылады.
 - 2) Шабандоз жарты мәре аспай құласа атымен, салым есеп емес, серке мінберге алдырылып, қайта аталады.
 - 3) Шабандоз жарты мәреге жетпей, егaры ауып өзі құласа немесе аты отырып тұрып өзі үстінен түсіп қалса серкемен, салым есеп емес, қауіпсіз жерге шығып кетсе, сол жерден еңкейтіп жалғасын табады, оны алған шабандоз, жарты мәре асып 20,30,100 метр жүріп атымен бірге құласа, салым есеп, көкпар мінберден немесе жақын мәреден жалғасын табады.
7. Серкенің сирақтары сынып, терісі жыртылып немесе екіге бөлініп жарамсыз болып қалған жағдайда төреші ойынды тоқтатады. Серкені ауыстырып, ойын мінбе алдындағы мәреден басталады.
8. Ойын барысында шабандоз тақымындағы серкемен бірге, төрешілердің мінбе жанында белгілеген сызығынан өтіп кетсе аут болып саналады. Осы жағдайда төреші ойынды тоқтатады. Ойын мінбе алдындағы мәреден басталады.

3. НАРАЗЫЛЫҚТАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТӘРТІПБҰЗУШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ШЕШІМ ШЫҒАРУ

САРЫ КАРТА:

(Ескерту: сары картаның күші 1 айға дейін сақталады).

- Серкені басып келе жатқан шабандоздан, серкені тартуға амал жасаған қарсылас шабандоздың атының тізгінен ұстап тарттырмау үшін ықпал жасаған кез келген ат үстіндегі адамдарға - сары карта.

- Сары карта алған шабандоз «Қума» көкпар ойынынан 3 жұп салымға дейін шеттетіледі. «Екі жар» көкпар ойынынан 3 салымға дейін шеттетіліп, одан кейін ғана ойынға кіре алады.

- Ат бегілер ережеге қарсы келіп, тәртіпке бағынбаған жағдайда - сары карта.

- Серке басып келе жатқан шабандоз жерге құлап, жерге түскен серкені басқа шабандозға қолмен көтеріп беруге тыйым салынады, бағынбаған жағдайда - сары карта.

- Аттың басынан ұрып, басынан қамшылауға тыйым салынады, ереже бұзған шабандозға - сары карта.

- Шабандоз серкені тақымға басып шауып бара жатқанда қарсыласалдынан көлденең шауып, қасақана ат салған жағдайда - сары карта.

- Ойын барысында ат құлаған жағдайда төреші белгісімен ойын тоқтатылуы тиіс, төрешінің белгісіне құлақ аспай, тыңдамай ойынды ары қарай жалғастырып, еңкейіп серкені басып кеткен шабандозға - сары карта. (Алаңдағы төреші қосымша шешім қабылдауға құқылы).

ҚЫЗЫЛ КАРТА:

(Ескерту: қызыл карта алған шабандоз ереже бұзу тәртібіне қарай 5 күннен 1 жылға дейін ойыннан шеттетілуі мүмкін немесе құзырлы органдарға тапсырылуы мүмкін).

- Алаңдағы төрешіге шабандоз, атбегі, көрермендер қайсы бірі болса да балағат сөздер айтып, ережеге бағынбай ереже бұзған жағдайда, ат салып дөрекілік көрсеткен жағдайда сол шабандозға –қызыл карта көрсетіліп, ойыннан шеттетіледі. (Шеттету мерзімін «Жаппай Көкпар федерациясының» тәртіптік кеңес алқасы белгілейді. Тәртіптік кеңес шешімімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ-ға шағымдануына болады).

- Серкені басып келе жатқан шабандозды қарсылас шабандоз дөрекі түрде тоқтатса, қол көтерсе, атын, өзін қамшымен сабаса немесе күш көрсетіп, дене жарақатын салса - қызыл карта. (Ойыннан шеттетіледі)

- Тұзақ салған шабандозға - қызыл карта.
(20 күн ойыннан шеттетіледі).

- Темір бұранда (шруп), темір ілгек қолданған шабандозға - қызыл карта. *(20 күнге ойыннан шеттетіледі).*

- Ердің басынан серкені төбесінен тастаған шабандозға - қызыл карта. *(20 күнге ойыннан шеттетіледі).*

- Ердің басына серкенің сирағын жіппен байлаған шабандозға-қызыл карта. *(20 күнге ойыннан шеттетіледі).*

4. ЖАППАЙ КӨКПАР ӨТКІЗУШІ ҰЙЫМЫНЫҢ НЕМЕСЕ ТҰЛҒАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Жаппай көкпар өткізетін той егесі алдын ала аудандық, облыстық және республикалық маңызы бар қалалар(Астана, Алматы және Шымкент) «Жаппай Көкпар федерациялары» қоғамдық бірлестіктеріне хабарлап, олар Қазақстан Республикасы «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ-ны хабардар етіп, рұқсатын алуы тиіс;
2. Өтетін орны мен уақытын нақты белгілеуі тиіс;
3. Жергілікті әкімдіктің және жергілікті полиция департаментінің қағазжүзінде рұқсатын алуы тиіс;
4. Төтенше жағдайларға байланысты карантиндік сақтық талаптарын толық орындауы тиіс;
5. Ойын барысында жедел жәрдем, тәртіп сақшылары мен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс;
6. Көкпар ойынының тәртіппен, дау-дамайсыз өтуін қамтамасыз етуі тиіс;
7. Бас төреші, төреші, комментаторларды Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ бекіткен тізіміне сәйкес шақыртуға тиіс;

5. АТБЕГІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Жаппай көкпарға аттардың барлық тұқымдары қатыстырылады.
2. Аттардың аяғында үшкіртағасы болмауы тиіс.
3. Ат әбзелдерінде атқа зақым келтіретін қатты, үшкір заттар болмауы тиіс.
4. Денесінде қандайда бір жарақаты бар немесе бөрітпе, қышыма тәрізді сырқаты бар аттар қатыстырылмайды.
6. Жаппай көкпар ережесіне, алаңдағы төрешінің тәртібіне бағынуға, оны тыңдауға тиіс.
7. Төрешіге қарсы балағат сөздер айтуға, ат салуға, шабандозға жақтасып - көмектесуге тыйым салынады;
8. Үлкен көкпарларда(1 млн.жүлде қорынан жоғары) 3(үш) жасқа толмаған аттарды қатыстыруға тыйым салынады;

6. ШАБАНДОЗҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Жаппай көкпарға тиісті даярлығы бар, денсаулығы жарамды, атты басқаруға дағдыланған шабандоздар қатыстырылады. Киім үлгісі: бас киімі, жейдесі, қалың матадан шалбары және аяғында саптама етігі болуы тиіс.
2. ***Шабандоздың міндеттері:***
 - Осы ережені білуге және орындауға міндетті;
 - Барлық шабандоздарға, бас төреші, алаңдағы төрешілерге, көрермендерге қатысты сыпайы, биязы болуға міндетті;
 - Төрешілердің нұсқауларын мүлтіксіз орындауға, ереженің тәртібін сақтауға міндетті;
 - Шабандоз серкені мәредегі шеңбердің ішіне жеткізіп тастап, шеңберден қолын көтеріп шығуға міндетті;
3. ***Шабандозға тыйым салынады:***
 - Алаңда, ойын барысында қарсыласын сабауға, ұруға, дөрекі сөйлеуге, жарақат салуға қатаң тыйым салынады;
 - Қолына арнайы темірден жасалған бұранда (шруп), ілгіш заттарқолдануға тыйым салынады;
 - Арқан, жіп қолдануға, ердің басына байлауға тыйым салынады;
 - Спирттік ішімдік ішіп келуге, есірткі заттар қолдануға тыйымсалынады;
 - Төрешілердің шешімін бұзуға немесе олардың іс-қимылдарынаараласуға тыйым салынады;
 - Тросс қамшыны пайдалануға қатаң тиым салынады;
 - Серкені басып шауып келе жатқан шабандоздың атының алдынан ат салып немесе атының құйрығын тосуға, қолынан тартуға, тұзақ салып тартуға, аттың тізгінін ұстап, дөрекілік көрсетуге басып келе жатқан серкесін сұрауға тиым салынады;
4. ***Шабандоздың құқықтары:***
 - Қатысушы ойын барысында шұғыл жағдай туындаған жағдайдатөрешілерге тікелей хабар беруге құқылы;
 - Медициналық көмекке жүгінуге құқылы;
 - Тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда тәртіп сақшыларына жүгінуге құқылы;
 - Көкпар барысында ат үстіндегі шабандоз көкпар алаңындағы жаяу жүрген адамды немесе көлікті қағып кетсе оған шабандоз жауапты болмайды.

7. БАС ТӨРЕШІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Бас Төрешіні Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ бекітеді.

- 7.1. Жаппай көкпарда төрешілік ететін бас төреші арнайы дайындықтан өтіп, сертификатталады.
- 7.2. Бас төреші ойынның жетекшісі болып табылады және жаппай көкпардың осы Ережеге сай өткізілуін қамтамасыз етілуін қадағалайды.
- 7.3. Басқа ауданнан, қаладан төреші шақыртуы үшін жергілікті федерациядан рұқсат алуын қадағалайды.
- 7.4. Алаңдағы төрешілердің ойынды әділ өткізуіне, салымды әділ есептеуіне тікелей жауапты.
- 7.5. Жарыс өткізуге дейінгі алаңның дайындығы мен құрал-жабдықтардың әзірлігін, сондай-ақ жарыс өткеннен кейінгі алаңның тазалығын қадағалайды;
- 7.6. Серкенің салмағын қадағалауы тиіс;
- 7.7. Серкенің ішіне қиыршық тастар салынбауын қадағалайды;
- 7.8. Мәренің шеңбер сызығына жеткенде, шабандоздардың шеңбердің сыртында тұруын қадағалайды;
- 7.9. Мәреге салған шабандоздың серкені тастап, шеңберден қолын көтеріп шығып кетуін қадағалайды;
- 7.10. 70 мыңнан жоғары салымы бар көкпарлардың жүлделі салымдарына 60 келілік серкелерді тастауға рұқсат беруін қадағалайды;
- 7.11. Жарыстың тәртіппен, даусыз өтуін қадағалайды;
- 7.12. Алаңда тәртіп бұзушылық туындаған жағдайда ойынды тоқтатуға, дұрыс шешім қабылдауға, даулы сәттерде ҚР Жаппай Көкпар федерациясына хабарлауға құқылы;
- 7.13. Келіп түскен арыз-шағым, наразылықтарды тәртіптік кеңес алқасының қарауына ұсынылуын қадағалайды.
- 7.14. Әділетсіздік және бұрмалаушылыққа жол берген және ереже бұзған төрешілердің аудандық, облыстық немесе Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясының» тәртіптік кеңес комиссиясының шешімімен 1 жылға төрешіліктен шеттетілетіндігін немесе арнайы куәлігі алынатындығын ескертеді.
- 7.15. Барлық аудандар, облыстар және республикалық маңызы бар қалаларда (Астана, Алматы және Шымкент) төрешілердің бірыңғай

«Сары» түсті жейдесі, жейдесінің артында «Төреші» деген көрінетін жазуының болуын қадағалайды. (Төрешілердің бірыңғай формасын тиісті федерациялар қамтамасыз етуі немесе қадағалауы тиіс);

Төрешілерге жетекшілік етуге құқылы;

Қазақстандағы барлық төрешілердің жылына 1 рет ҚР Жаппай Көкпар федерациясының аттестациясынан өтуін қадағалауы тиіс.

8.

ТӨРЕШІЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

- 8.1. Төрешілер құрамын Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ бекітеді.
- 8.2. Жаппай көкпарда төрешілік ететін төрешілер арнайы дайындықтан өтіп, сертификатталады.
- 8.3. Төрешілер ойынның жетекшілері болып табылады және жаппай көкпардың осы Ережеге сай өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.
- 8.4. Басқа ауданнан, қаладан төреші шақыртуы үшін жергілікті федерациядан рұқсат алуы тиіс.
- 8.5. Алаңдағы төрешілер ойынның әділ өтуіне, салымның әділ есептелуіне тікелей жауапты.
- 8.6. Жарыс өткізуге дейінгі алаңның дайындығы мен құрал-жабдықтардың әзірлігіне сондай-ақ, жарыс өткеннен кейінгі алаңның тазалығына тікелей жауапты;
- 8.7. Серкенің салмағын қадағалауы тиіс;
- 8.8. Серкенің ішіне қиыршық тастар салуға тыйым салынады;
- 8.9. Мәренің шеңбер сызығына жеткенде, шабандоздардың шеңбердің сыртында тұруын қадағалайды;
- 8.10. Мәреге салған шабандоздың серкені тастап, шеңберден қолын көтеріп шығып кетуін қадағалайды;
- 8.11. 70 мыңнан жоғары салымы бар көкпарлардың жүлделі салымдарына 60 келілік серкелерді тастауға рұқсат беруі тиіс.
- 8.12. Жарыстың тәртіппен, даусыз өтуіне жауапты
- 8.13. Алаңда тәртіп бұзушылық туындаған жағдайда ойынды тоқтатуға, дұрыс шешім қабылдауға, даулы сәттерде бас төрешіге хабарлауға құқылы.
- 8.14. Келіп түскен арыз-шағым, наразылықтарды тәртіптік кеңес алқасының қарауына ұсынуға міндетті.
- 8.15. Әділетсіздік және бұрмалаушылыққа жол берген төрешілер және ереже бұзған төрешілер аудандық, облыстық немесе Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясының» тәртіптік кеңес комиссиясының шешімімен 1 жылға төрешіліктен шеттетілуі мүмкін немесе арнайы куәлігі алынады.
- 8.16. Барлық аудандар, облыстар және республикалық маңызы бар қалаларда (Астана, Алматы және Шымкент) төрешілердің бірыңғай «**Сары**» түсті жейдесі, жейдесінің артында «**Төреші**» деген көрінетін жазуы болуы тиіс. (Төрешілердің бірыңғай формасын тиісті федерациялар қамтамасыз етуі немесе

қадағалауы тиіс);

8.17. Төменгі мәреде тұрған төреші салым салынғандығын растайтын салым қағазын шабандозға беруі тиіс.

Төрешілер жылына 1 рет ҚР Жаппай Көкпар федерациясының аттестациясынан өтуі тиіс.

9.

КОМЕНТАТОРЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- 9.1. Ойын барысында дұрыс ақпарат беруге міндетті.
- 9.2. Қазақ тіліндегі терминдерді дұрыс айтуға міндетті.
(ақалақшы, шартқ, палуан, деңгел т.б. сөздерді қолдануға тыйым салынады, оның орнына төреші, мінбе, шабандоз, чемпион болған жағдайда БАЛУАН сөздерін қолдануы тиіс).
- 9.3. Шабандоз немесе ат егесі туралы дұрыс ақпарат хабарлауға тиіс.
- 9.4. Жаппай көкпар барысында 15 минуттық 2 үзіліс беруі тиіс.
- 9.5. Руын, аттың атақ даңқын, салымдарын айту тек атбегілер мен шабандоз балуандарға ғана қолданылуы тиіс. (*Руды тым асыра сілтеп мадақтауға тыйым салынады*).
- 9.6. Бұрмалаушылық, әділетсіздік орын алған жағдайда әділдік танытып дұрыс шешім қабылдап, хабарлауы тиіс.


10. ТОЙ БЕРУШІ АЗАМАТТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- 10.1. Көкпар өткізетін азамат алдын ала көкпар өткізетін орны мен күнін белгілеп, жергілікті құзырлы органдарды яғни аудандық, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың (Астана, Алматы және Шымкент) әкімдіктері мен құзырлы органдарын және тиісті «Жаппай Көкпар Федерацияларын» хабардар етіп, Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ рұқсатын алуы тиіс. Себебі жаппай көкпар, той көкпар, бата көкпарларды өткізу тәртібі құзырлы органдармен қатаң қадағаланады.
- 10.2. Көкпарда арнайы куәліктері бар Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ ұсынған төрешілер төрешілік жасауы тиіс.
- 10.3. Басқа ауданнан, қаладан төрешіні жергілікті федерацияның келісімімен шақыртуы тиіс.
1. Той беруші азамат төрешілерді атпен қамтамасыз етуге тиіс және үлкен той (50 мыңнан жоғары салымы бар) көкпарларында 1, 2, 3 жүлделі орындарды белбеумен қамтамасыз етуі тиіс:
1-орын – салымның ақырының келуі, 2-орын – салымның ақырының баруы, 3-орын – салымды көп салған шабандоз, 1, 2-орын алған шабандоздар көп салған белбеуді ала алмайды, одан кейін белбеу алмаған, көп салым салған, жасы үлкен шабандоз 3-орын белбеуіне ие болады. Көп салған Атқада Үздік Тұлпар кубігін табыс етеді.
 2. 50 мыңнан жоғары салымы бар көкпарлардың жүлделі салымдарына 60 келілік серкелерді тастауын қадағалауы тиіс.
 3. Түркістан облысы, Шымкент қаласынан басқа аймақтарда, 2 млн. теңге салымы бар көкпарларда белбеулер берілуі тиіс.
 4. Ережеге және төрешіге бағынуға тиіс.
 5. Серкені ережеге сай дайындауға тиіс.
 6. Тойдың әділ әрі тәртіппен өтуін қадағалауы тиіс.
 7. Спирттік ішімдіктер мен есірткі заттарын сатуға және пайдалануға тиым салынады.


**11. АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ және РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАР(Астана, Алматы және Шымкент)
«ЖАППАЙ КӨКПАР ФЕДЕРАЦИЯЛАРЫ» ҚОҒАМДЫҚ
БІРЛЕСТІГІНІҢ МІНДЕТТЕРІ**

- 11.1. Ауданда, облыс және республикалық маңызы бар қалаларда (Астана, Алматы және Шымкент) өтетін барлық көкпар ойындарынан хабардар болып, Қазақстан Республикасы «ЖАППАЙ КӨКПАР ФЕДЕРАЦИЯСЫНАН» рұқсат алуы тиіс.
- 11.2. Той берушінің басқа ауданнан, қаладан төреші шақыртуы жергілікті федерацияның келісімін алуы арқылы өтеді және ол туралы ҚР Жаппай Көкпар федерациясына хабардар етуі тиіс.
- 11.3. Жаппай Көкпар ойыны алдында және ойын барысында бекітілген ережемен толық таныстыруға, ережені халыққа насихаттауға міндетті.
- 11.4. Аудан, облыс және республикалық маңызы бар қалалардың (Астана, Алматы және Шымкент) төрешілерінің жаппай көкпар ойынының әділ және ережеге сай тәртіппен өткізуін қадағалауға міндетті.
- 11.5. Төрешілер ереже бұзып, бұрмалау жағдайдалары орын алғанда немесе шабандозға, атбегілерге қасақана әдіс қолданған жағдайда төрешіліктен алынады. (Алдағы қызметіне шектеу қою туралы тәртіптік кеңес алқасымен шешім қабылдауға міндетті).
- 11.6. Аудан, облыс және республикалық маңызы бар қалалар (Астана, Алматы және Шымкент) аралығында өтетін барлық жаппай көкпарларда төрешілерді байланыс құралдарымен (рация) және салым салынғандығын растайтын салым қағазымен қамтамасыз ету тиісті Жаппай Көкпар Федерацияларының міндетіне жүктеледі.

12. «Екі жар» көкпар алаңының сызбасы



(Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік №31073 «13» желтоқсан 2022 жыл)



«Қума» көкпар алаңының сызбасы

(Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік №31073 «13» желтоқсан 2022 жыл)

Осы Ереженің барлық шарттарының орындалуы Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ қадағалауында болады.

Осы ережеге төмендегі облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың (Астана, Алматы және Шымкент) «Жаппай Көкпар Федерациясы» қоғамдық бірлестігі төрағалары мен жаппай көкпар белсенділерінің қолдауымен өзгерістер енгізіліп, Қазақстан Республикасы «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ жалпы жиналысына қатысқан және мүшелікке енген федерациялар тізімімен 2023 жылғы 10 ақпандағы №1 хаттамасымен бекітілді.

Қазақстан Республикасы «Жаппай Көкпар федерациясы» ҚН ЗТБ жалпы жиналысына қатысқан және мүшелікке енген федерациялар тізімі

№	Аты, жөні, тегі	Федерация атаулары
1	Дирманов Гани Ергалиевич	Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясы» төрағасы
2	Айтбаев Галым Қуанышович Чингисов Фархат Жиенбаевич Уменов Нурлан Умирбекович	Қазақстан Республикасының «Жаппай Көкпар федерациясы» орынбасарлары мен хатшысы
3	Дауылбаев Әбілхан Ширинкулов Толеш Сариев Усен Абилбеков Турнияз Имашов Мадиярбек Перналиев Аскарбек Жакыпбекович Манкеев Ақылбай Қиянтаев Әбдіқаһар Тайырбеков Жұлдызхан Шыныбеков Түгелбай Аршабеков Қабылхан Бекбауов Манасбай	Ардагер балуандар қоғамдық бірлестігі
4	Мамиров Ералы Ануарович	Астана қаласы «Жаппай Көкпар федерациясы»
5	Исатаев Тилеужан Асқарович	Алматы қаласы «Жаппай Көкпар федерациясы»
6	Тастемиров Нұрлан Қуанышбаевич	Шымкент қаласы «Жаппай Көкпар федерациясы»
7	Хумар Досат	Ақмола облысы «Жаппай Көкпар федерациясы»

8	Ержан Нұршат	Алматы облысы «Жаппай Көкпар федерациясы»
9	Ахметбаев Ғани Молдабекұлы	Түркістан облысы «Жаппай Көкпар федерациясы»
10	Сеитов Акилбек Сиякулович	Жамбыл облысы «Жаппай Көкпар федерациясы»
11	Абсейтов Нариман Копболович	Қызылорда облысы «Жаппай Көкпар федерациясы»
12	Жаркимбаев Тобыл Бейсенович	Қостанай облысы «Жаппай Көкпар федерациясы»
13	Килимов Ренат Алкамович	Атырау облысы «Жаппай Көкпар федерациясы»
14	Қанай Ғабит Балтабайұлы	Ұлытау облысы «Жаппай Көкпар федерациясы»
15	Молдадосов Жанат Тулегенов Ержан Мыңбаев Темірхан Ширинкулов Қуанышбек Дүйсенбай Мырзагелді Бектаев Жандос Рахишов Махсат	Коментатор